

«БЕКІТЕМІН»

**МҚКҚ «Білім беруді
жаңғырту» орталығының
басшысы**

С. Мадеев

2021 ж



**Нұр-Сұлтан қаласының жалпы орта білім беру, қосымша білім беру,
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушылардың
арасында «ҰСТАЗДЫҢ ҰЛЫ КЕЛБЕТІ-ЫБЫРАЙ»
қалалық шығармашылық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы орта білім беру, қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылардың арасында «Ұстаздың ұлы келбеті – Ыбырай» қалалық шығармашылық байқауы (бұдан әрі – Байқау) өткізу қағидаларын, мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

2. «Ұстаздың ұлы келбеті – Ыбырай» шығармашылық байқауы оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, өз еліне деген мақтаныш сезімін, тарихи мұраға құрметпен қарауды қалыптастыру, сондай-ақ, Ыбырай Алтынсариннің зияткерлік және рухани әлеміне баулу мақсатында өткізіледі.

Міндеттері:

- рухани бірлікті нығайту және Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасын насихаттау;
- дарынды білім алушыларды анықтау, қолдау және дамыту;
- білім алушыларды патриотизм, гуманизм, демократия, ұлтаралық келісім және толеранттылық рухында тәрбиелеу;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- халық шығармашылығы саласындағы мәдени дәстүрлердің сабақтастығын сақтау;
- салауатты бәсекелестік рухын қалыптастыру.

3. Байқауды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МҚКҚ, №1 «Өнер мектебі» МҚКҚ, №2 «Өнер мектебі» МҚКҚ, Нұр-Сұлтан қаласының «Балалар көркемсурет мектебі» МҚКҚ ұйымдастырады.

4. Байқау қашықтық форматта өткізіледі.

5. Байқау ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын құрайды.

2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Байқауға 7-17 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары жас санаттары бойынша (әрбір ұйымнан әр номинацияға 1 қатысушыдан) қатысады.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Шабьт» авторлық әндер байқауы;
 2. «Ыбырай қалдырған мұрасы» бейнелеу өнері байқауы;
 3. «Ыбырай – дана, Ыбырай – дара» атты өлеңдер байқауы.
- «Шабьт» авторлық әндер байқауы.

«Шабьт» байқауына жас шектеулері жоқ (байқауға педагогтер, шығармашылық ұжымдарының жетекшілері мен білім алушылар қатыса алады).

Байқауға қойылатын талаптар:

1) Қатысушылар туындыларды «минус» фонограммасының сүйемелдеуімен жанды дауыспен, эстрадалық орындаумен немесе домбыра, фортепиано және басқа да аспаптардың сүйемелдеуімен орындайды.

2) Байқауға педагог-музыканттар (әуесқой композиторлар) қатыса алады.

3) Қатысушылар Ы.Алтынсаринге және оның шығармашылығына арналған өз шығармаларының, яғни әндерін ұсына алады.

4) Педагог-музыканттар (әуесқой композиторлар) Ы.Алтынсариннің өлеңдеріне өздерінің авторлық әндерін ұсына алады.

Қойылымдарды бағалау критерийлері: вокалдық-музыкалық (жақсы әуен, дауыс, интонация тазалығы, ырғақ сезімі) тіл тазалығы, мәтіннің мағынасы, жақсы дикция; шығарманың көркемдік көрінісі; сахналық образ (нөмірдің ән мазмұнына сәйкестігі); өзіндік және креативтілік дәрежесі.

- қатысушылар туралы мәліметтер (балалардың Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, номинация, топ жетекшісінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары);

- топ қатысушылары мен жетекшісінің жеке бас куәлігі құжаттардың көшірмелері;

- әннің мәтіні, авторлары.

- бейнематериалдарға орналастырылған сілтемелер <http://www.youtube.com> каналында, электрондық поштаға bilim30_2021@mail.ru жіберу қажет.

- Бейне сапалы, монтаждалмаған, тоқтаусыз бір роликпен жазылуы керек.

Өтінімдер, бейнежазбалар мен бейнематериалдар 2021 жылғы 1-9 желтоқсан аралығында e-mail бойынша bilim30_2021@mail.ru қабылданады:

Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет.

- қатысушылар мен жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

- қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

- байқау жұмысын электронды түрде ұсыну.

Байқау қорытындысы және марапаттау 2021 жылдың 14 желтоқсан күні №2 Өнер мектебінде өтеді. Мекен-жайы Достық көшесі, 13 (Нұрсая-2 ТК), Жумабаева Гульшат Дуйсенбаевна, Нұр-Сұлтан қаласы «№2 Өнер мектебі» МКҚК директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары. Моб. Тел.: +7 778 900 7786.

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қазылар алқасының қатысқан мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

«Ыбырайдың қалдырған мұрасы» бейнелеу өнері байқауы.

Бейнелеу өнері байқауы келесі жас санаттарында өткізіледі:

- кіші топ 8-10 жас;

- орта топ 11-13 жас;

- ересек топ 14-17 жаста.

Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі: суреттер А3 форматында келесі техникада орындалуы керек:

✓ акварель техникасы

✓ гуашь техникасы

✓ картондағы акрил техникасы

✓ түрлі-түсті қарындаштар

✓ аралас техника.

Қатысушылар байқауға қатысуға өтінім ұсынуы қажет. Байқауға әр жас санатынан бір ғана жұмыс жіберіледі.

- қатысушылар мен жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Байқауға рамкаға немесе паспортқа ресімделген қатысушының суреті жіберіледі. Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың нақты мәліметі болу керек: аты, тегі, жасы, жұмыс атауы, мектеп нөмірі, жетекшісінің аты-жөні және байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы.

Бағалау критерийлері:

- өзіндік ерекшелігі;

- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын беру;

- идеяны жүзеге асырудың креативті тәсілі;

- көркемдік шеберлік негіздерін меңгеру.

- күрделілік дәрежесі;

- ой ерекшелігі;

- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім);

- сындарлы шешімнің бірегейлігі.

Қатысуға өтінімдер 2021 жылғы 1-11 желтоқсан аралығында: электрондық мекен-жай бойынша қабылданады oner30_bilim@mail.ru. Қатысушылар конкурсқа қатысуға өтінім ұсынуы қажет.

- қатысушылар мен жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

- барлық байқау жұмыстары 10-11 желтоқсанға дейін № 1 Өнер мектебі мекен-жайы бойынша Абай даңғылы, 74/1, қабылданады.

Байқау қорытындысы және марапаттау 13 желтоқсанда сағат 16:00-де Абай даңғылы, 74/1, № 1 Өнер мектебінде өтеді. Каракушикова Гульмира Жексенбаевна, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары. Тел.: +7 702 127 11 18; Бадриденова Райса Маратовна, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары. Тел.: +7702 303 65 34.

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

«Ыбырай –дана, Ыбырай – дара» поэзия байқауы

1.Байқау тақырыбына байланысты өзі шығарған өлеңдер ұсынылады (авторлық).

Сөз сөйлеу ұзақтығы 5 минуттан аспайды.

Байқау келесі жас санаттарында өткізіледі:

- кіші жас санаты: 7-10 жас;
- орта жас санаты: 11-14 жас;
- жоғары жас санаты: 15-17 жас.

Мәтін параметрлері: өлең мәтіні Word құжатында жазылуы керек, өрістер стандартты, шрифт Times New Roman 14 элемент, бір интервал. Мәтін парақтың ортасында немесе сол жақта орналасуы мүмкін. Өлеңде қалың шрифтпен ерекшеленуге болатын атау болуы керек.

Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері

- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- өлеңнің мағыналық және композициялық тұтастығы;
- стилистикалық және тілдік сауаттылық;
- өлеңнің ырғақты үйлесімділігі (өлшем, ырғақ, рифма, үйлесімділік);
- онлайн плагиат.

Интернет желісінен алынған материалды пайдалануға тыйым салынады. Конкурстық жұмыстары плагиатқа тексеріледі.

Байқаудың қазылар алқасының мүшелеріне тыңдаудың алдында қатысушы тандалған туынды басылған басылымды көрсетуі тиіс.

Қазылар алқасы ұсынылған шығарманы этикалық және эстетикалық себептер бойынша қабылдамауға құқылы.

Қатысушылар конкурсқа қатысуға өтінім ұсынуы қажет.

Қатысуға өтінімдер, бейнежазбалар мен бейнематериалдар 2021 жылғы 1-9 желтоқсан аралығында мына электрондық мекенжай бойынша қабылданады: zhasakyn2021@mail.ru.

- қатысушылар мен жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

- қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

- Конкурстық жұмысты электронды түрде жүргізу.

- бейнематериалға сілтемелер <http://www.youtube.com>, электрондық поштаға zhasakyn2021@mail.ru жіберу қажет.

-бейне сапалы, бір роликпен тоқтаусыз жазылуы керек.

Байқау қорытындысы мен марапаттау рәсімі 2021 жылғы 14 желтоқсан күні № 2 Өнер мектебінде мекен-жайы Достық көшесі, 13, өтеді. Садыкова Нургуль Госмановна, Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы» тұлғаны дамыту және тәрбиелеу бөлімінің әдіскері
Моб. тел.: +7 747 492 7677.

Байқауды қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Шешім қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қазылар алқасы мүшелерінің шешімі хаттамамен ресімделеді, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазылар алқасының шешімі негізінде байқау қорытындысы бойынша «Бас жүлде» байқауының жеңімпаздары және 1, 2, 3 орындар мен номинациялар анықталады.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Конкурстың нәтижелері Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы және «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, «№1 Өнер мектебі», МКҚК «№2 Өнер мектебі» МКҚК, «Балалар көркемсурет мектебі» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ұстаздың ұлы келбеті-Ыбырай» байқауына қатысуға өтінім

«Шабыт» авторлық әндер байқауы

1	Білім алушының Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
2	Білім беру ұйымының атауы	
3	Туған күні, жылы, айы	
4	Жетекшісінің/педагог-музыканттың Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
5	Жұмыс орны	
6	Лауазымы	
7	Байланыс телефон, электрондық пошта	

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ұстаздың ұлы келбеті-Ыбырай» байқауына қатысуға өтінім

«Ыбырай қалдырған мұрасы» бейнелеу өнері байқауы

1	Білім алушының Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
2	Жас санаты (кіші топ, орта топ, ересек топ)	
3	Білім беру ұйымының атауы	
4	Туған күні, жылы, айы	
5	Жетекшісінің Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
6	Жұмыс орны	
7	Лауазымы	
8	Байланыс телефон, электрондық пошта	

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ұстаздың ұлы келбеті-Ыбырай» байқауына қатысуға өтінім

«Ыбырай –дана, Ыбырай – дара» атты өлеңдер байқауы

1	Білім алушының Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
2	Жас санаты (кіші топ, орта топ, ересек топ)	
3	Білім беру ұйымының атауы	
4	Туған күні, жылы, айы	
5	Жетекшісінің Т.А.Ә. толық (куәлікте көрсетілгендей)	
6	Жұмыс орны	
7	Лауазымы	
8	Байланыс телефон, электрондық пошта	